Баяндамашы:
Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының
оқу-әдістемелік кабинетінің бөлім жетекшісі
Жаманқұлова Сәуле Аңсабекқызы

«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделін іске асыру шеңберінде мектепке дейінгі ұйымдардың қызметіне әдістемелік сүйемелдеу»

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысына сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің мектепке дейінгі ұйым педагогтарымен облыстық аймақтық семинарлар, вебинарлар, дебаттар және байқаулар мен көрмелер ұйымдастырылды.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің мақсат-міндеттерінің жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі ұйым педагогтері арасында «Ойыншықтар таңғажайып әлемі» атты облыстық байқау ұйымдастырылып өткізілді. Байқауға әкелген ойыншықтар заман талабына сай, қауіпсіз, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес, көркем және ұлттық салт-дәстүр бойынша жан-жақты дамытуға қолайлы. (Байқау жеңімпаздарының бейне роликтері қосымша көрсетіледі).

Облыстық білім басқармасының басшысының қатысуымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту: үрдістер, мәселелері, келешегі» тақырыбында мектепке дейінгі ұйым педагогтарына дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында Көкшетау қаласында өткен мектепке дейінгі ұйым педагогтарының республикалық съезіне қатысып келген облысымыздың делегаттары, ғалымдар, үздік педагогтар ой бөлісті. Жиында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім беру жүйесін дамыту мәселелері кеңінен талқыланып, ұсыныстар айтылды.

Мектепке дейінгі ұйымның басшылары арасында «Балабақша-болашақ баспалдағы» атты облыстық байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты - тәрбие мен білім беру бағытында жаңашыл идеялар мен тәжірибелерді пайдалану арқылы жоғары жетістіктер мен көрсеткіштерге жеткен мектепке дейінгі ұйымдарды анықтау. (Жүлделі орын алған педагогтардың бейне роликтері көрсетіледі).

Мектепке дейінгі тәрбиелеумен оқыту моделінің 26 тармағын жүзеге асыру мақсатында ойын мазмұнына қойылатын талаптарды, ойынның мазмұны мен маңыздылығын, ойын арқылы жаңаша білім берудің сапасын қамтамасыз етілуін, ойын түрлерінің жаңашылдығы туралы көптеген іс шаралар үнемі жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың мамыр айында аудандық және Тараз қалалық білім бөлімдірінің жауапты мектепке дейінгі әдіскерлері мен облыстық педагогтердің ассоциация мүшелерімен мектепке дейінгі ұйымдарда

кездесетін кемшіліктер мен проблемаларды шешу жолдары талқыланып, электронды материалдар таратылып, ақпараттық-әдістемелік көмектер беріліп тұрады.